

***«Баланы мекенке жан-жақты дайындау»
(баяндама)***

Педагог-психолог: Д.Р.Садыкова

Кіріспе бөлім:

Мектепке бару – баланың өміріндегі маңызды кезеңдерінің бірі. Бұл тек жаңа ортаға бейімделу ғана емес, сонымен қатар баланың әлеуметтік, эмоциялық, танымдық және физикалық дамуының жаңа деңгейге көтерілуі. Сондықтан баланы мектепке дайындау тек әріп пен сан үйрету емес, жан –жақты дамуға негізделуі керек.

1. Интеллектуалдық дайындық

- Баланың сөздік қоры жеткілікті болуы.
- Негізгі ұғымдарды түсіну (түстер, пішіндер, кеңістіктер бағыттар).
- 10-ға дейін санай білу, санау әрекеттерін қолдану.
- Логикалық ойлауды дамыту.
- Әңгіме құрап айту, сұрақтарға жауап беру қаблеті.

2. Әлеуметтік – психологиялық дайындық.

- Өз ойы мен тілегін еркін білдіру.
- Құрдастарымен және ересектермен қарым –қатынас орната білу.
- Кезек күту, тыңдау, өзін-өзі ұстау мәдениеті.
- Қиындықты жеңе білу, жаңа ортаға бейімделу.

3. Тілдік дайындық

- Сөйлеудің анық, түсінікті болуы.
- Сөздерді дұрыс айту, дыбыстарды дұрыс қою (артикуляциялық жаттығулар көмегімен).
- Ертегілерді мазмұндау, әңгімені жалғастыру.

4. Моторика мен графикалық дайындық.

- Саусақ бұлшықеттерінің дамуы, жазуға дайындық.
- Қайшыны, қарандашты дұрыс ұстау.
- Сызық, пішін, әріптерді сызуға, сурет салуға икемділік.

5. Эмоциялық тұрақтылық

- Баланың өзін –өзі басқаруы (сабырлы болу, зейін қою).
- Тосын жағдайларға дұрыс әрект етуі
- Тәуелсіз әрекет ете білу, киіну, жуыну, өз ойымен бөлісу.

6. Ата –ананың қолдауы.

- Баланың режимін дұрыс ұйымдастыру (ұйқы, тамақ, демалыс).
- Мектеп туралы жағымды көзқарас қалыптастыру.

- Үй тапсырмасын орындауға емес, үйренуге белгілі қызығушылығымен ояту.

Қорытынды: Баланы мектепке дайындау – бір күндік іс емес, бұл ұзақ мерзімді, жүйелі жұмыс. Дайындық барысында баланың даралығын ескеріп, әр қадамды мақтап, қолдап отыру – ата - ана мен педагогтың басты міндеті. Мектепке баруға дайын бала – өзіне сенімді, жаңа білімге құштар, әлеуметпен тіл табыса алатын бала.